Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің
Биология-география факультетінің Зоология кафедрасы

# Тақырыбы: Түйеқұс

## ( Struthio camelus)

**Орындаған: Абылый.Г.Е БН-21**
**Тексерген: Қартбаева.Г.Т**



ТҮЙЕҚҰС - ҰШПАЙТЫН ҚҰСТАР ТОБЫНА ЖАТАДЫ. ТҮЙЕҚҰСТАР КӨНЕ ДӘУІРДЕН БЕРІ ӨМІР СҮРІП КЕЛЕДІ.

ТИПІ: ХОРДАЛЫЛАР
КЛАСС: ҚҰС
ОТРЯД: ТҮЙЕҚҰС ТЕКТЕС.
ТИП: АФРИКАЛЫҚ ТҮЙЕҚҰС






***Таралу аймағы:*** **Африка, Оңтүстік Америка және Австралияда өмір сүретін үш түрі кездеседі. Олар бір-бірінен аяқ саусақтарының саны және іріліктерімен ажыратылады**

***Мекен ету ортасы:*** **Жартылай шөлді және шөлейтті жерде.**



**Бойы:**

*аталығы* : 1,75 -2 м;

*аналығы:* 2,10 -3 м.

**Салмағы:**

63 -150 кг

**Тіршілік ұзақтығы:**

30 -70 жыл







***Түсі:***

**аталығының түсі: қара аналығының түсі: қоңыр – сұр болып келеді. Құйрық қауырсындары мен қанаттары ақшыл болады.**

# Түйеқұс балапандары мен жұмыртқасы









**Жұмыртқа басу уақыты:** 39 – 42 күн сәуір мен қазан айларында жұмыртқалайды.

**Жұмыртқа:**
755 -1618 грамм;
**диаметрі:** 13 -16 см.

Түйеқұс жұмыртқасы, тауык және бөдене жұмыртқасының көрінісін салыстыру.





**салмағы 1,5-2 кг-дай жұмыртқасын қуырып, 12-14 адамды тамақтандыруға болады.**

**<u>Қорегі</u>: шөпқоректілер және жайылымдардағы, бұталардағы шөп-шалаңмен, ағаш өскіндерімен қоректенеді. жәндіктер мен ұсақ омыртқалыларды да жиі пайдаланады. Түйеқұс уақытының 30 пайызын жем іздеумен өткізеді**



***Саны:*** Табиғатта белгісіз;
90 000 үй түйеқұсы ( 1980 ж есеп бойынша)

Түйеқұстардың бір **көзі** 60 грамм салмақ тартады. Яғни, адам көзімен салыстырғанда төрт есе көп салмаққа ие.








***Ерекше белгілері:***

**Түйеқұс ең ірі құс түріне жатады. Қанаттары қысқа болғандықтан ұша алмайды. Алайда, өте күшті аяқтарымен сағатына 70 шақырымға дейін жүгіре алады. жүгіргенде адымы 2—3 метрді алады.**



**Ұзын мойнымен түрегеп тұрған күйі немесе кетіп бара жатып та коректене береді. Қанаттары едәуір үлкен. Оларды катты жүгірген кезде төмен түсіріп жібереді. Тез өседі, тез көбейеді.**

Қазіргі кезде түйеқұстарды көптеген елдерде арнайы фермаларда өсіреді. Қазақстанда алғаш рет Қостанай облысындағы Қарабатыр шаруа қожалығында қолдан өсіріле бастады. Қазір мұндай арнайы фермалар Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданның Есік елді мекенінде, Шымкент қаласының маңында бар. Түйеқұстәрізділердің еті, жұмыртқасы және қауырсындары өте қымбат бағаланады.



**Тірі салмағының 60 пайызы еттен тұрады, еті мейрамханаларда диеталық тағам ретінде ұсынылады.**



**Терісі, тұяғы, тұмсығы, еті, жұмыртқасы, бәрі кәдеге жарайды. Оның терісінің беріктігі піл мен қолтырауынның терісімен бірдей. Оны аяқ киімдерді қаптауға, басқа да сәндік бұйымдарды жасауға пайдалануға болады**






# Қорытынды

- Африкалық түйеқұстың сипаты мен таралу жерін толық білдік. Өзінің ерекшеліктеріне де назар аудара білсек, бүгінгі таңда оны жекелеген адамдар мен үлкен шаруашылықтар малданып отыр. Түйеқұстарды өсіру көп қиындық тудырмайды, оның өнімдері өте жоғары бағаланады және ол тауардың нарықта тапшылығы бар. түйеқұс шаруашылығын дамытуға мүмкіндіктің бар екендігіне және оның үлкен пайдасы болатынына көз жеткізуге болады.

# Пайдаланылған әдебиеттер:

С.М.Махмұтов. Зоология, II бөлім. Алматы – 1995ж.

Қ.С.Қайым, Р.Б.Сәтімбекұлы. Жануартану. Алматы – 1998ж.

К.А.Жаңабердиева. Қысқаша анықтамалық. Алматы, «Алматыкітап» – 2004ж.

Қ.Қайымов. Қызықты зоология. Алматы – 1995ж.

Қ.Б.Олжабекова, Б.Е.Есжанов. Омыртқалылар зоологиясы. Алматы 2007 ж. т1.

К.Ә.Дәуітбаева. Омыртқалылар зоологиясы. ҚазМУ Алматы – 1986ж.

# Зейін қойып тыңдағаныңызға рахмет!

